«БЕКІТЕМІН»
Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз
университетінің президенті, т.ғ.д.
_______________ Н. Муслимов
«___»__________2025 ж.

**Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері М.Дулатовтың туғанына 140 жыл толуына орай «Оян, қазақ!» атты облыстық эссе байқауының**

# ЕРЕЖЕСІ

**Байқаудың мақсаты:** Қазақ әдебитетіне өзгеше өрнек, соны сыр-сипат алып келген қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері Міржақып Дулатовтың шығармашылығын өскелең ұрпаққа кеңінен мазмұндап, тәуелсіз ел руханиятындағы маңызын зерделеу, егемен еліміздің әдебиеті мен мәдениетіне үлес қосу.

**Байқауды ұйымдастырушы:** Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы.

**Байқау талаптары.** Қатысушы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Міржақып Дулатов шығармашылығы бойынша эссе жазуы шарт.

Байқауға Жамбыл облысы бойынша жалпы білім беретін орта мектептердің 5-10 сынып оқушылары қатыса алады.

**Эссе ережесіне сәйкес:**

– 5-6 сыныптар үшін – 80-90;
– 7-8 сыныптар үшін - 100-130;
– 9-сыныптар үшін - 150-200;
– 10 сыныптар үшін - 200-300 сөзді қамту керек.

Және эсседе білім алушының сөздік қоры, ойын тиянақты жеткізуі мен сауаттылығы, жалпы әдебиет өкілінің шығармашылығына деген ерекше көзқарасы бой көрсетуі шарт.

Жұмыстар оқушының таңдауымен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде, MS Word форматында орындалады:

– Қаріп түрі Times New Roman;
– Қаріп өлшемі – 14, интервал 1 болуы тиіс.

Эссені рәсімдеуде төмендегіше реттілікке сүйенеді:

– қатысушының аты-жөні (толық);
– облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
– білім беру ұйымының атауы, сыныбы;
– авторға бағыт беруші жетекшінің аты-жөні (толық);

Байқауға қатысу өтінімі мен жұмыстарды ***2025 жылдың 27 қаңтар - 15ақпан аралығында*** baysakalova1984@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет.

Байқау жеңімпаздары арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Марапаттау салтанаты ***2025 жылдың 19-ақпанында*** Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде өткізіледі.